

Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1788. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 24 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттама бас

басқармасына Бас басқарма төрағасының бір орынбасарын, сондай-ақ 7 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасының орталық аппараты 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Архивтер мен құжаттама бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1128 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1788 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама

бас басқармасы орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Ұйымдастыру-талдау қызметін жүргізу бөлімі

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын мемлекеттік есепке
алып, сақтауды қамтамасыз ету бөлімі

Ведомстволық архивтер мен құжаттама және жинақтау бөлімі

Құжаттарды пайдалану мен жариялау, ақпаратпен қамтамасыз ету
бөлімі

Қаржы бөлімі